
ДИАСПОРА ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ДИАСПОРАТАНУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ**Г.С. Омарова**

Диаспора — шетелдерде қалыптасқан феномен екендігі белгілі. Бірақ, бұл көзқарастан бұрынғы Кеңес елдерінде диаспора деп аталмағанмен «этникалық азшылық» мәселесі мүлде зерделенбей, назардан тыс қалып қойған деген пікір туындамауы керек. Шетелдерде қалыптасқан диаспора феномені қазіргі кезде Ресейде Кеңес кезінде шыққан ұғымдармен астастырылып «диаспоральная группа», «диаспоралық қауымдастық», «ұлттық азшылық-диаспора», «этнос-диаспора», «этникалық топ-диаспора» т.б. түсініктер көбейіп кетті.

Кеңес Одағы кезінде Ресейде бұл проблемалармен негізінен Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты айналысып, осы ұжымның жанынан «Нәсілдер және халықтар» сериялы үлкен ұжымдық жинақтар ұзақ уақыт шығып, т.б. көлемді көптеген еңбектер шығып тұрды. Кеңес Одағы тұсында этникалық пен ұлтаралық қатынастар мәселесін шешудің кілті тым тереңде болғанымен, этникалық мәселелер кешенді түрде, әр ұлт ерекшеліктеріне сай зерделенді деудің қисыны келмесе де, КСРО-ның құрамында тұратын этникалық топтардың әлеуметтік-мәдени қырлары сол заманның идеологиялық саясатына сәйкестендіріле отырып қалыптасқан көзқарастар бойынша антропологиялық, этнолингвистік, социологиялық, қоғамдық-тарихи, әлеуметтік-мәдени, философиялық тұрғыда анағұрлым зерделенгенін айтпай кету, сол тер төккен ғалымдардың (Ю.В. Бромлей, Н.Н. Чебоксаров, С.А. Арутюнов, С.М. Широкогоров, М.В. Крюков, А.И. Кузнецов, А.Х. Гаджиев, Р.Г. Кузеев, В.Я. Бабенко, О.В. Котов т.б.) еңбегін бағаламағандық болар еді. Шетелдегі көрнекті орыс философы П. Сорокин айтқандай: «советское правительство (на самом деле, идеологи Пролеткульта. Авт. П.С.) хотело создать особую “пролетарскую”...яғни, «буржуазиялық» мәдени құндылықтарға ұқсамайтын «пролетарлық» санадағы ерекше мәдениет қалыптастырғысы келгендігі жөнінде айтқаны секілді, этникалық қауымдасудың: «этнос», «пассионарлар», «субпассионарлар», «суперэтностар», «этнографиялық топ», «субэтностар», «этникалық топтар», «этникалық ұлттар», «аналық этнос және оның шашыранды бөліктері», «этноконфессиялық қауымдастық», «аз халықтар», «этнолингвистік қауымдастық», «аналық этностың дисперсиялық және диаспоралық бөліктері» «аз және «шашыранды этникалық топтар», «негізгі этникалық бөлшектер», «макроэтникалық топтар», «микроэтникалық бөлшектер», «метаэтникалық қауымдастық» т.б. деп тізбектелетін түрлері Ресейде Кеңес Одағы тұсында анықталған ұғымдар болатын. «Аналық этнос және оның шашыранды бөліктері» ұғымын – В.И. Ленин айналымға енгізген /Ленин В.И. Полн.собр.соч. Т. 24. С. 148-149/. О.В. Котов осындай ұғымдардың 20-дан астам түрін зерделеп, ой елегінен өткізіп, сараптай келіп, аталған құбылыстарды бейнелейтін бұл ұғымдардың өте жалпылама анықтама беретіндігін талдап, өзінің «Осколки этноса» еңбегінде

«Аналық этностың дисперсиялық және диаспоралық бөліктері» деген ұғымын ұсынады /1. 52/. «Дисперсия (бытырау, шашырау) – бір мемлекетте болғанымен, басқа ұлттық-территориялық бірлікте тұратын аналық этностардың бөлігі, диаспора – КСРО-дан тыс мемлекеттерде тұратын этностардың бөлшектері деген анықтама береді /1. 52/. Бұл Кеңес Одағының әлеуметтік-мәдени, геосаяси аумақтық, қоғамдық құрылысы негізінде айналымға енгізілген ұғымдар еді. Кеңес Одағы тұсында орыс тілінде шыққан «Словарь иностранных слов» сөздігінде диаспора – «өз мемлекетінен, туып өскен ортасынан, халқынан бөлініп тыс аймақтарға қоныс аударғанын білдіретін ұғым. Диаспоралардың құрылуы тікелей күштеп, қудалау саясатын құрал етіп, халықтарды өз отанынан көшіру, тіпті геноцид қаупінен босқын болған халықтың этникалық бөлшектенуі түрлі тарихи-әлеуметтік факторлардан туылады» делінгенін Ә. Арғынбаев атап көрсетті /2. 17/. Кеңес Одағы идеологиялық саясатына сәйкес диаспора құбылысы кең өріс алмады. Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан бұл ұғымдарға қайта оралу себебіміз, осы ұғымдар қазіргі кезде диаспора түсінігін жаңа қырынан айшықтауға қолданылуда.

Қазіргі кезде шетелдерде Торонто университеті жанынан шығатын «Diaspora. A Journal of Transnational Studies» (Канада), «Национализм и этническая политика» («Nationalism and Ethnic Politics») (Шт.Колорадо) т.б., Ресейден шығатын «Диаспоры» журналдары диаспора мәселесімен тікелей айналысады. Бұл басылымдарда шетел ғалымдарының шағын ғылыми мақалаларынан бастап, көлемді монографияларға дейін жарияланып отырады. Иерусалим университетінің профессоры Габриэль Шеффер «Әлемдік саясаттағы диаспоралар» атты еңбегінде «диаспора» ұғымының анықтамасы ендігі жерде ертедегі еврейлердің дүниеге шашырауы нәтижесінде – Холокост, маргиналданған еврей босқындарының ассимиляцияға ұшырап, бытырап, шашырап, құрып кеткен топтарына қатысты қолданылмайтын болғандығын, қазіргі кезде диаспора феноменін теориялық, әлеуметтік-мәдени тұрғыда зерделейтін әр алуан көзқарастар көбейіп кеткендігін айтады. Г. Шеффер: «Аталған бұл концептуалдық өзгерістер диаспора феноменінің әлеуметтік-мәдени және саяси әр алуан құбылыстарына Батыста басқаша көзқарастардың қалыптасуынан ғана емес, диаспоралық бірлестіктердің өміріндегі түбірлі, түбегейлі, айқын өзгерістерге, олардың санына байланысты қалыптасты» дейді /3. 163/. Диаспоралардың өміріндегі, дәстүрлі мәдениетіндегі, ұлттық болмысының сақталуындағы, психологиясындағы, тіліндегі т.б. сан салалы өзгерістер, диаспораларға көпмәдениеттер тоғысқан әлеуметтік мәдени орта мәдениетінің әсері, олардың өздері қоныстанып отырған этнодиаспоралық кеңістіктердегі ұлттар мен этностарға тигізген ықпалы, олардың өзарақатынасы, осының бәрі диаспора ұғымының әлеуметтік мәдени феномен ретіндегі болмысын күрделендіріп, диаспора құбылысының алуан түрлі қырларының дамуына ықпал етті. А. Милитарев (Ресейдің шығыстық мәдениеттер институтының жетекші ғылыми қызметкері): «Диаспора» в современном этнокультурном и геополитическом контексте и какие из миграционных процессов новейшего времени следует считать диаспорическими (или диаспорными), стоило бы разобраться, что же такое «диаспора»... термин этот никакого универсального содержания не имеет и термином, строго говоря, не является» /4.8/

деген көзқарастарын білдірдіріп, «диаспора» сөзі грек (Геродот пен Софокл) текстерінде кездесетіні жөнінде айта келіп, «диаспора» ең алғаш Септуагинтта: (Библияның еврей тіліндегі аудармасында) «рассеяние евреев среди язычников» деген мағынада қолданылғанына тоқтала келіп, бұл сөз Плутарх пен Филон Александрийскийдің, кейін христиан авторларының еңбектерінде кездесетіні жөнінде айтады. «Диаспора» сөзінің шығу тарихы белгілі болғандықтан қайталап жатпаймыз. А. Милитарев гректің диаспора термині Библиядағы еврейлердің шашырауынан басқа кез келген тарихи жағдайларға қатысты қолданылуы, бұл терминнің кең түсіндірмесі екендігіне назарымызды аудартады. А. Милитарев қазіргі иврит тіліндегі «диаспора» терминінің мән мағынасы дәстүрлі галут терминімен берілетіндігін айтады.

В.А. Никитин: «әлеуметтік-мәдени тұрғыда жоғары дәрежелі қауымдасу формасын сақтаған кез келген адамзаттың шашыранды тіршілік етуші қауымдары диаспора болып атала алады» дейді /5. 252/. Диаспораның саяси проблемаларын жан-жақты зерттеп жүрген Т.В. Полоскова В.А. Никитиннің жоғарыда айтылған көзқарасымен мүлде келіспейтіндігін ашық білдіреді. Т.В. Полоскова диаспора феноменін “этнос-диаспора”, “этникалық топ-диаспора”, “ұлттық азшылық-диаспора” ұғымдарының арақатынасын жан-жақты саралау керектігін айтады. Т.В. Полоскова “диаспораны”: “1) Этническая идентичность; 2) общность культурных ценностей; 3) социальная антитеза, выражающиеся в стремлений сохранить этническую и культурную самобытность; 4) представление (чаще всего в вида архетипа) о наличии общего исторического происхождения” /6.28/ деп бөліп, “ұлттық азшылық” ұғымы белгілі бір елдегі этникалық топқа қарата айтылады. Ресейдегі еврейлерді “ұлттық азшылық” деуге болады, бірақ бұл ұғымды дүние жүзіндегі еврей диаспорасына қарата қолдана алмаймыз. Диаспоралар “ұлттық азшылыққа” бөлініп бытырап әр елде орналасқандығын, диаспора өкілі бір этникалық топтың құрамында бола тұрып өзін әртүрлі ұлттар қатарына жатқыза алады” - дейді /6.44/. Т.В. Полоскова диаспораларды мынадай типтерге бөлді: а) диаспоры, чья идеология и практическая деятельность оказывает влияние на развитие системы международных отношений на глобальном уровне. К этой категории относятся большинство т.н. мировых диаспор; б) диаспоры оказывающие влияние на развитие межгосударственных отношений на уровне регионов или групп стран; в) Диаспоры, оказывающие влияние на развитие двусторонних отношений т.н boarding minority /6. 69/. Л. Лолаева “диаспоралық топтар” терминін айналымға енгізуді ұсынды. Л. Лолаева: “диаспоральная группа – это социально-этническая, культурологическая целостность людей, оказавшихся в иноэтническом, инокультурном окружении, где они ведут активную совместную деятельность, направленную на сохранение и развитие своих этнокультурных ценностей, на достижение стабильного политико – правового статуса, на приобретение гражданских прав и свобод, позволяющих им стать частью “народа страны” – дейді /7. 58/.

Жалпы диаспора феномені төңірегінде қазіргі кезде шетелдерде және Ресейде әр алуан көзқарастар өте-мөте көбейіп кетті. Бұның себебі, тәуелсіздігін алған Достастық елдерінде ұлттаралық қатынастар басқаша жолға қойыла бас-

тағандығынан ғана емес, жаңа диаспоралар тасқынының қалыптасуы мен босқындардың жаңа қарқын алуынан да еді.

Әлемдік тәжірибеде кең өріс алған диаспора феноменіне тәуелсіздігін алған Достастық елдерінде бұрын соңды болмаған, терең назар аударылу себебі, Достастық елдерінде кірме этностар қатарына енген диаспоралар бұрынғы құндылықтар жойылған соң, олар өздерінің ұлттық өзіндік санасын айқын сезініп, өздерін рухани жағынан айқындау жолындағы таңдаудың алдында тұрды. Достастық елдерінде бұрынғы Кеңестік әлеуметтік мәдени құндылықтардың орнына өзін ұлт ретінде жаңадан жасау, өзін өзі жаңаша таныту үрдісі қалыптасты.

Достастық елдері үшін терең өзекті болып отырған диаспора мәселелеріне бүгінгі күннің талаптары жан-жақты жүйелі зерделеуді қажет етіп отырғандықтан, бұл процестің төңірегінде алуан түрлі саяси өзарақатынас т.б. мақсаттардың да басымдығы айқын. «Отан», «Мен», «Ол» арасындағы «қақпа» немесе «көпір» өзара жаңа саяси стратегиялық бағыттарға талпынған елдер арасында алуан түрлі мемлекетаралық саясатты көздеген стратегиялық жоспарларды іске асыруда ауадай қажет диаспора мәселесінің терең зерттеу нысанасына айналуы осыдан еді. Мәселен, А. Ларин «Китайцы зарубежья в политике Пекина» мақаласында шетелдердегі қытай «Хуацяо» (үнемі шетелдерде тұратын қытай азаматтары, вайцзи хуажень-шетел азаматтығындағы қытайлықтар; хайвай хуажень-теңіздің ар жағындағылар, шетел азаматтығы болуы шарт емес, қытай қауымдастықтары т.б.) /8.176/ диаспорасының бүгінгі аспан асты елі - Пекин үшін ішкі, сыртқы саясатта ғана емес, халықаралық саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени мақсаттар үшін қыруар жұмыстар атқарып, бүгінгі Пекинге миллиардтаған пайда кіргізіп отырғандығы жөнінде айтады. Қазір Достастық елдері де осы бағыттарды орнатуға тырысып, өз диаспораларын жаңа құндылықтарға тәрбиелеуге барынша назар аударып бағуда.

Шын мәнінде диаспора феномені төңірегіндегі анықтамалардың көптігі соншама, зертеушілердің өздері бір-бірінің көзқарастарымен келіспей, «Diaspora» (Канада), «Nationalism and Ethnic Politics» (Колорадо), «Диаспоры» (Ресей) журналдары, ішінара «СОЦИС» және «Ішкі Азия» журналдарында қызыл кеңірдек болып айтысқан қызу пікірталастар өте көп жарияланған.

А. Степанян: «диаспора» терминін қолдану аясы соңғы кездері кең өріс алып, көп салаларда ғылыми әдебиеттерде, ақпарат құралдарында «диаспора» және «қауым» ұғымдары синоним ретінде қолданылуы біздің ойымызша оғаш көзқарастар. «Диаспора» ұғымының мәнін түсінуге деген қатынас, «қауым» және осыған қатысты көзқарастардан алшак, бұл екі басқа ұғым. «Диаспора» терминін анықтау, өзінің қалыптасуында объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты этностың өз туған жерінің аумағынан тыс кеңістіктерде қалуынан басталуы керек» дейді /9.46-47/. Уильям Сафран «Мировые диаспоры» еңбегінде Р. Коэннің «Әлемдік диаспоралар» монографиясын талдап, Израильге басқа елдерден оралған еврей диаспоралары мен бұрынғы СССР-дан оралған еврейлерді диаспоралықты тастап, «үйіне» қайтып оралғандар деп есептейді. Бірақ, «олар Израильге оралған соң бірнеше жыл тұрғаннан кейін, әсіресе АҚШ-тан оралғандар, өздерін қоршаған шындықтарды оның ыңғайсыздықтары мен қауіп-

кәтерін айқын сезініп, бұрын өздері тұрған тұрмысқа «сүт пен бал елдердегі» бейнеге сәйкес келмейтіні күннен күнге біліне бастайды. Сөйтіп, артта қалған өзі туылған, қолайлы да жағымды игілікті жерді, оның кең де, ашық кеңістігіне деген қимастық туындайды» дейді /10.111 б./ . Сөйтіп, әлемдегі кейбір диаспоралар өз елдеріне оралғанмен бұрын өздері тұрған «сүт пен бал елдері» қайта еске түсіп, У. Сафранның ойынша көп қиындықтарға төтеп бергісі келмегендіктен оралған бұрынғы диаспора адамы, материалдық игіліктерді іздеп қайтадан жақсы өмір іздеп кетеді. Қ. Қабдрахманов: «Отансыз адам айдалада қалып, дүниеде «ешкім емес» күй кешеді. Ақиқатта табан тіреп, Отанмен бірге болу керек. Мен нағыз адамның өмірлік ұстанымын осылай түсінемін» дегені секілді «Отан» әрбір адам үшін өте қасиетті, әрбір адам әлеуметтік мәдени жағынан өзін Отаннан тыс есептеп, сезіне алмайды. Мәселен, Полоськова: «Поминальной молитвы» Г. Горина: “Я русский человек еврейского происхождения, иудейского вероисповедания» /6.44/ деп, пайымдауынша диаспора құбылысындағы адам өзінің Отаны деп қай елді: тарихи Отанын айта ма?, әлде өзі орналасқан этнодиаспоралық кеңістіктегі мемлекетті өз Отаным деп есептей ме? Бұл диаспора адамының өз еркінде. Қ.Қабдрахманов: «еркін адамға дүниенің бәрі Отан деген космополиттік ұран пайда болуда. Космополиттер үшін Отан барлық жерде бар және жоқ та... өзіміздің туған жерімізде космополитизмнің өлі нәрсе екеніне көз жеткізе түсудеміз. Адамзат үшін жердің жақсы не жаманы жоқ. Сондықтан қай жерде туып өстің, сол сенің Отаның, ол сенің тағдырың» дейді /11. 264-265/. Алаш азаматы Қоңыратбайұғылы Қалжан өз жерінен қоныс аударған Қарауыл, арғын руларына қарата «Жиделі Байсын жерін» іздеп елінен қоныс аударғандар» деп атағаны секілді /Қазақ. Сарыарқа. Алаш. 1913. № 23. 23 июнь, 108 б./ жақсы өмір іздеп өз Отанынан қоныс аударған адамның күйі жөнінде Қ. Қабдрахманов, «ол өзінің «орнынан» адасып қалады. Германияға иммигрант болып барған қазақстандық «тоназытқышта не керектің бәрі бар, бірақ бірге отырып, әңгімелесіп, шер тарқататын ешкім жоқ», деп қамығады. Жеккөрушілікке әбден мойынсұнған апатридтер өзінің барған жерін өзіне берілген жазмыштың жазасындай сезінеді. Бұрынғы Отаннан қол үзгендер жаңа жерге бейімделе алады. Ол өзінің қара басының қамы үшін небір космополиттік сандырақтарды айтады» /11. 265/ деп, Отансыз адам айдалада қалған, өз орнынан адасып қалған адам екендігі жөніндегі пайымдарын білдіреді.

Дүниедегі елдердің құрамында тұратын барлық кірме этностарға қатысты диаспора термині әр алуан тұрғыдан қолданылуда. Сондықтан диаспора құбылысындағы адам немесе бірнеше мыңдаған ұлттардың қомақты бөліктерінің этнодиаспоралық кеңістіктерде өмірі қандай болды? Диаспора құбылысындағы адам нені қажет етеді? Адамның жан дүниесінде өзін тану дүниетүсінігі (миропонимание) туралы сауалдар туындайды. Адам өзін, өзінің шекараларын, өмірдегі орны мен мақсатын танып білуге тырысады. Адамның осы құндылықтарды түсіне бастауынан, адамның адам болып қалуындағы ең басты қажетті қуат көзі, адамның жан-жақты дамуына терең әсер ететін, адамның ішкі жан дүниесінің сұранысы – руханилық, адамның күллі игі істерінің бастауы болып табылады. Руханилық – барлық әлеуметтік-мәдени істерге бағыт-бағдар жасайды. Әрбір

диаспора құбылысындағы белгілі бір ұлт адамдарының тобы көпмәдениеттер тоғысқан орталарда жүріп-ақ өзіне тән құндылықтарды жасап қана қоймай, дүние жүзі елдеріне, басқа мәдениет адамының санасына терең әсер етті.

Диаспора құбылысындағы адам немесе бірнеше мыңдаған адамдардың тағдыры мен болмысы, рухани дүниесі, ұлттық тілі, ділі қандай күйге түсуі мүмкін? Диаспора құбылысындағы бірнеше жүздеген ұлт өкілдерінің этнодиаспоралық кеңістіктерде өмір сүріп, өз ұлтының немесе басқа ұлт тарихы мен мәдениетіне зор үлес қосу арқылы рухани құндылықтарды жасауы, диаспора адамының этнодиаспоралық кеңістік адамдарына ықпал етуі, өзі де сол мәдениеттің ықпалына ұшырай отырып, бірегей мәдениеттің қалыптасуына әсер етуі, осы құбылыстардың бәрі дүниедегі диаспораларды зерттейтін жаңа бір ғылымның қалыптасуына жағдай жасады.

Диаспораның әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі қырларына зер сала қарасақ, диаспоралардың басқа этнодиаспоралық кеңістіктердегі көпмәдениеттердің тоғысқан әлеуметтік-мәдени ортасы мен өзінің ұлттық мәдениетінің үйлесімділігі, басқа этностармен өзара қатынасы, жергілікті үстем мәдениет құндылықтарын құрметтеп, олардың тілін үйреніп, мәдениетін қабылдауы, сөйте жүре басқа мәдениет ортасында жүріп, өзінің ұлттық болмысын сақтап қалуы – диаспорадағы болмыс, ерекше мәдениетінің қалыптасуына себеп болады. Осыдан келіп диаспора адамының тарихи Отандағы этнос мәдениетінен бөлек, бірегей, өзіне ғана тән мәдениет үрдістері қалыптасып шығады. Кез келген этнодиаспоралық кеңістікте өмір сүретін диаспора құбылысындағы адамдардың қоғамдық, әлеуметтік-мәдени дамуына әр алуан тарихи дәуірдің, кеңістік пен уақыттың үлкен әсері болатыны сөзсіз. Тарихи-әлеуметтік заңдылықтарға сәйкес, адамзат тарихында белгілі тарихи кезеңдердегі қоғамдық-әлеуметтік, саяси-тарихи, экономикалық, мәдени жағдайлардың өзгеруі ұлттардың өмірінде, санасында, мәдениетінде, рухани құндылықтарында өз ізін қалдырып отырғаны белгілі. Диаспоралар қадым замандардан алуан түрлі өзара ықпалдасу т.б. әрекеттерге барып басқа этностармен өзара мәдениетаралық сұхбаттың дамуына әсер еткендігін диаспоралардың әлеуметтік-мәдени даму сатыларынан айқын байқадық. Диаспора құбылысының әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі қырлары тым ерте кездерден басталатындығына негіз болатын айқын тарихи-әлеуметтік заңдылықтарын ескере отырып, бұл аса күрделі құбылыстардың негізі қадым замандарда қаланғандықтан бұл аса күрделі проблемалар өз алдына жаңа қоғамдық ғылымның қалыптасуына негіз болуы тарихи қажеттілік. Диаспора құбылысындағы адам немесе бірнеше мыңдаған ұлттардың қоғамдық-тарихи, саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, философиялық қырлары мен өзіне тән даму заңдылықтары бар.

Белгілі қазақ ғалымы академик Ә.Н. Нысанбаев жаңа қоғамдық ғылым диаспорологияны ғылыми айналымға енгізіп, оның сырын, мәні мен мазмұнын, табиғатын айқындап, бұл ғылымның көпұлтты тәуелсіз Қазақстан үшін маңызының зор екендігін атап көрсетті /12. 48/. Г. Соловьева диаспора құбылысын жаһандық құбылыстармен байланыстыра саралап: «Осознание и усваивание опыта диаспоры по сохранению различия может способствовать переосмыслению модели глобализа-

ции. Появление новой научной дисциплины обусловлено, следовательно, причинами общепланетарного характера» дейді /13. 258/. Диаспорологияның жаңа қоғамдық ғылым ретінде айқындалуы, бұл заман талабының жемісі екендігінде күмән жоқ, бұл ерте ме, кеш пе айқындалуы тиіс мәселе екендігі дау тудырмайды. Қазақстанда ғылыми айналымға енген жаңа ғылым – диаспорология туралы көзқарастар шетелдерде, Ресейде т.б. Достастық елдері ғалымдарының мақалаларында әзірше кезіге қойған жоқ. Дүниедегі сан мыңдаған диаспора құбылысындағы ұлт өкілдері этнодиаспоралық кеңістіктерде жүріп бірегей рухани құндылықтарды жасап, аса құнды асыл мұралар қалдырып, өздері өмір сүретін әлеуметтік мәдени орта мәдениетіне ұшы қиырсыз үлес қосты.

Мәселен, дүниедегі еврейлер өзінің ұлттық келбетін сонау ерте заманнан сақтай отырып Батыс, Шығыс, Орталық Азия, Евразия елдері өркениетінде үлкен із қалдырды. Шетелдегі “Орыс әлемі” – әлем мәдениетіне ұшан-теңіз құндылықтарды сыйлады. Европа мәдениетіндегі орыс интеллигенциясының орны ерекше. Қытайдағы қазақтар арасынан шыққан Ісләмұлы Оспан батырдың бір өзі АҚШ, Европа, Орталық Азия, Ресей елдерінде аты аңызға айналып, бір өзі сол тарихи заманда Ресей, Қытай, АҚШ, Англия, Жапония секілді алпауыт арыстандардың мысын басып, сол елдер басшыларымен халықаралық аренада үлкен саясатқа араласты. Қытай үкіметіне қарсы Оспан батыр бастаған жойқын ұлт-азаттық көтерілістер сәтті болып, көтерілісшілердің жеңуімен тарихтағы дүние жүзі елдерін елең еткізген, қуатты Қытай мемлекетінің үрейі мен зәре иманын ұшырған тарихтағы аты аңызға айналған 1944 жылы 12-қарашада Шығыс Түркістан Республикасының құрылуы Қытайдағы қазақтардың жұлдызды сәті еді. Шығыс Түркістан Республикасының теңдессіз жеңісі дүниені дүр сілкіндірді. Бұл жеңісті Жапония, АҚШ, Англия, Ресей т.б. секілді алпауыт елдер қаламағаны айдан анық. Бұл жолбарыстарды ең алдымен байырғы Шығыс Түркістанның соншама кен алтыны мен мол жер асты және жер үсті табиғи байлыққа толы кен орындары, Ұлы Жібек жолының түйісер жүрек тұсы, тоғыз жолдың торабында орналасқан байырғы Шығыс Түркістан жеріне қызығуынан сілекейі шұбырып, ашық айбат шеге алмай өкініште қалып, қай-қайсысы да Шығыс Түркістанды өз мүддесіне қолданғысы келді, сөйтіп, алдап арбаудың амалын іздейді. Әсіресе, Қытай үкіметі үшін Шығыс Түркістаннан айрылып қалу кешірілмес тарихи қате болар еді, Шығыс Түркістанды жоғалту Қытайдың саяси-стратегиялық, басты саяси-экономикалық базасынан жұрдай болып, Қытай мемлекетінің халықаралық экспорт көзінен, ұшы қиырсыз байлығынан айрылумен тең еді. Бұл жеңіс Ресей империясының құтын қашырып, алаңдаушылығын туғызып, үрейін ұшырды. Сондықтан Ресей империясы бұл көтерілісті бұрмалап көрсетуге, басып жаныштауға асық болып, батыл іс-әрекеттерге кірісіп, стратегиялық жоспарлар жасайды. Бұл жеңісті сақтап қалу үшін де көтерілісшілерге стратегиялық дұрыс бағыт, терең саяси көрегендік, білім мен ауызбірлік керек еді. Ресейдің араласуымен бұл төңкеріс те өмір сүруін тоқтатады. Сөйтіп, “Шығыс Түркістан Республикасының қас қағым сәті” – болумен тарихта аты аңызға айналып қалды. Бұдан өз ұлтымыздың құрамдас бөлігі – қазақ диаспорасының шетел басшыларын өз саясатымен санасуға мәжбүр етіп, халықаралық аренада үлкен

саяси ойындарға араласқанын айқын көреміз. Мәселен, шет елдердегі орыстар шетелдерде жүріп мектептерден бастап, институттар, ғылыми-зерттеу орталықтарын, кітапхана, архив, министрліктер, орыс журналдарын шығарып, мектептер мен институттарға оқулықтар жазып т.б. қоғамдық ұйымдар ашып, көптеген құндылықтарды дүниеге әкелді. Олар орыс ұлтының ұрпақтарына орыс халқына берілген, орыс ұлтын сүюге, орыс тілін қастерлеуге тәрбиелеу жолында жанқиярлық істерге барғанын айтуымыз керек. Шет елдердегі орыс ақсүйектері және орыстың көрнекті интеллигенциясы, ғұлама ғалымдар, ақын-жазушылар, көрнекті өнер, кино, музыка қайраткерлері өзінің тарихи этникалық кеңістігінде тұрған Ресей жерінен кетсе де, шет елдерде жүріп, олар Ресейге деген махаббатын шетелдерге өздерімен бірге әкеліп, «Кіші Ресейді» құрды деген негіз бар. Соншама қиындықтардың ішінде жүрген шет елдегі орыстар орыс адамын кемеліне келтіруге қажетті дүниелерді, тарихи Отанындағы орыстардан бөлекше орыс идеясын, асыл қазына-мұралар мен рухани құндылықтарды жасады, тек оларға мемлекеттік басқару аппараты ғана жетіспеді. Ресейде сонау ертеден басталған саяси-тарихи жағдайлар мен тоталитарлық саяси идеологияның әсерінен орыстың көрнекті интеллигенциясы жаппай шет елдерге кетуге мәжбүр болды. Дүниедегі қазақ диаспорасы өзіне тән құндылықтар жасады. II Николай патшаның тұсында Ресейде бірнеше еңбектер шығарып, Ресей ғалымдары тарапынан “қазақ ақыны” атанған А.Үлімжіұлы т.б. өз ұлтын сүюдің ғажайып үлгілерін көрсетті. Кеңес Одағы тұсында қаншама қазақ байларының мал мүлкі талан таражға түсіп, Қазақстанда қырғындалдықтан елден қоныс аударып кетті. Ал, сол кезде Шығыс Түркістандағы қазақтың ақсүйектері Қытай мемлекетінің экономикалық саяси жағдайы өте нашар кезінде Қытай қазақтары арасынан шыққан Басбай Шолақұлы жалғыз өзі бір жолда Қытай мемлекетіне садақаға сыйлаған малы 4000 бас қой, 1000 сиыр, 500 жылқы, 2 екі соғыс айроплан(самолет) көмекке беріп, басқа байларға садақаға танк атауын өтінген. Шетелдердегі Қазақ, Орыс т.б. диаспора өкілдерінің гуманистік іс әрекеттері, ой пікірі ғасырлар бойы ұмытылмайды. М. Шоқай, П. Сорокин, Н. Бердяев т.б. өз Отанынан алыста, туған Отанды шексіз сүйді де, сол Отанға деген махаббатын сол ыстық қасиетті түрінде сақтай білді. Міне, осы секілді мәселелер көптеген ұрпақтар алмасып, ұзақ уақыттар бойы назардан тыс қалып келді, бірақ адамзат тарихында белгілі бір халықтың қандай да бір әрекеттерге баруы еш уақытта елеусіз қалмайтындығы айқын тарихи құбылыс. Диаспора құбылысындағы адамдардың жанқиярлық істерінің жоғын жоқтап, жақсысын асырып дүниеге оларды өз ерекшеліктерін, рухани құндылықтарын танытатын диаспорология ғылымы болмақ. Сондықтан дүниедегі диаспоралардың тарихи-мәдени болмысын терең танып білу тұрғысында әлеуметтік-мәдени, философиялық талдау аса қажет. Бұл мәселені диаспорология атқаруы тиіс.

1. *Котов О.В.* Осколки этноса // Этнические и этнографические группы в СССР и их роль в современных этнокультурных процессах. Уфа. 1989.
2. *Аргынбаев Ә.Қ.* Қазақ диаспорасын зерттеудің өзекті мәселесі // Қазақ диаспорасының ғылыми-зерттеу мәселелері. Алматы, 1992.
3. *Шеффер Г.* Диаспоры в мировой политике // Диаспоры, №1, 2003.
4. *Милитарев А.* О содержании термина «диаспора» (к разработке дефиниции) // Диаспоры, №3, 2005.
5. *Омарова Г.* Диаспора құбылысындағы адам болмысы // Традиции и инновации в казахской культуре. матер. межд.науч. конф. посв. юбилею Т.Х. Габитова. 24 ноября, 2007 г. часть 2, Алматы, 2007.
6. *Полоскова Т.В.* Диаспоры в системе международных связей. Дисс. на соис. д. филос н. Москва. 2002 г.
7. *Лолаева Д.Т.* Диаспоральные группы как социально-этнический феномен. Дисс. на соис. к. филос. н. Москва, 2002.
8. *Ларин А.* Китайцы зарубежья в политике Пекина // Диаспоры, №2, 2006.
9. *Степанян А.* Социокультурные особенности армянской этнообщины Москвы (экскурс в прошлое и результаты полевого обследования 2003 г.) // Диаспоры, №1, 2004.
10. *Сафран У.* Сравнительный анализ диаспор. Размышления о книге Робина Коэна «Мировые диаспоры» (окончание) // Диаспоры, №4, 2004.
11. *Қабдрахманов Қ.* Қазақ ұлттық санасындағы жеке тұлғаның қалыптасуы // Мәдени мұра: Әлеуметтік Мәдени ой санасы. Қазақтың қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмасы. Алматы. 2006. - 490.
12. *Нысанбаев Ә.* Қазақ диаспорологиясы мен қазақ философиясы // ҚРҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, №3, 1993.
13. *Соловьева Г.Г.* Казахская диаспора: соотношение этнической и гражданской самоидентификации. Теоретические подходы // Казахская диаспора: настоящее и будущее. Астана: «Елорда» 2005.

Омарова Г.С.

Феномен диаспоры и социокультурные основы диаспорологии

В статье рассматривается понятие диаспоры и социокультурные основы новой науки диаспорологии, изучающей проблемы диаспор, структуру и различные противоречия, их взаимодействие и взаимовлияние на социальную среду обитания и т.д.

Omarova G.S.

Phenomenon of Diaspora and Socio-Cultural Bases of Diaspora Study

The notion of Diaspora and socio-cultural bases of the new Diaspora study studying problems of Diasporas, structure and various contradictions, their interactions and interference on the social habitat and so on are examined in the article.